

Әлеуметтік көмектің мөлшерлерін белгілеу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2014 жылғы 28 наурызыдағы № 142 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 сәуірде № 3848 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 2016 жылғы 2 шілдедегі № 32 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 02.07.2016 № 32 шешімімен.

РҚАО ескертпесі.

Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабының 2-3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 21 мамырдағы "Әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес, Қобда аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Атаулы және мерекелік күндерге әлеуметтік көмектің бірінғай мөлшерлері қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Ай сайын:

1)-Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне коммуналдық қызметтерді төлеу үшін сегіз мың теңге көлемінде қаржылай әлеуметтік көмек көрсетілсін;

2)- Қобда аудандық білім бөлімі" мемлекет мекемесі ұсынған тізімдерге сәйкес үйден оқытылатын және тәрбиеленетін мүгедек балаларға үш мың теңге көлемінде қаржылай әлеуметтік көмек көрсетілсін;

3) онкологиялық аурулардан зардап шеккен азаматтарға, ҚТВ инфекциясын жүқтірған және туберкулездің әртүрлі түрімен ауыратын науқастарға, медициналық мекемелердің тізімі бойынша амбулаториялық ем алу кезінде алты айдан аспайтын мерзімге он айлық есептік көрсеткіш көлемінде көрсетілсін;

Ескерту. 2 тармақта өзгерістер енгізілді – Ақтөбе облысы Қобда аудандық мәслихатының 26.05.2015 № 204 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы

С.Мендыгарин

КЕЛІСІЛДІ:

Ақтөбе облысы
әкімінің орынбасары

Аудандық мәслихаттың хатшысы

Л.Исмағамбетова

С.НұРҚАТОВА

Қобда аудандық мәслихаттының
2014 жылғы 28 наурыздағы № 142
шешіміне қосымша

Атаулы күндер мен мерекелік күндерге әлеуметтік көмектің бірынғай мөлшерлері

Келесі санаттарға:

Ұлы Отан соғысының қатысуышылары мен мүгедектеріне, 9 мамыр – Жеңіс күніне орай 100 мың теңге мөлшерінде;

женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы қатысуышыларына теңестірілген тұлғаларға, 9 мамыр - Жеңіс күніне орай 50 мың теңге мөлшерінде;

женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысы мүгедектеріне теңестірілген тұлғаларға, 9 мамыр - Жеңіс күніне орай 50 мың теңге мөлшерінде;

женілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысына қатысуышыларына теңестірілген тұлғалардың басқа да санаттарына, 9 мамыр - Жеңіс күніне орай 30 мың теңге мөлшерінде;

мемлекеттік арнайы жәрдемақы алатын 1941 жылдың 22 маусымынан 1945 жылдың 9 мамыры аралығында кемінде 6 ай әскери қызмет өткерген және тылда жұмыс жасаған тұлғаларға, 9 мамыр - Жеңіс күніне орай 15 мың теңге мөлшерінде;

мүгедек деп танылмаған, екінші рет некеге отырмаған, қайтыс болған Ұлы Отан соғысына қатысуышылардың әйелдеріне (куйеулеріне), 9 мамыр – Жеңіс күніне орай 25 мың теңге мөлшерінде;

қайтыс болған ауғандық жауынгерлерінің ата-аналарына және екінші рет некеге отырмаған әйелдеріне, 9 мамыр - Жеңіс күніне орай 25 мың теңге мөлшерінде;

мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақы алушы мүгедектерге, қазан айының екінші жексенбісі мүгедектер күніне орай 30 мың теңге мөлшерінде;

атаулы әлеуметтік көмек алушылардың ішінде 18 жасқа дейінгі бала тәрбилип отырған аз қамтылған отбасыларға, 1 маусым - Балаларды қорғау күніне орай 20 мың теңге мөлшерінде;

Азаматтардың кейбір санаттары біржолғы әлеуметтік көмектің бірнеше түріне құқылы болған жағдайда, (статусына сәйкес) әр түрлі атаулы құндер мен мереке құндеріне біржолғы әлеуметтік көмектің тек бір түрі (мөлшері бойынша ең жоғары) көрсетіледі.

Әлеуметтік көмектің сомаларын төлеу ақшалай қаражатты Қобда ауданындағы екінші деңгейдегі банктер бөлімшелері арқылы алушылардың дербес шоттары немесе карталық шоттарына аудару арқылы жүргізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШІЖҚ РМК